

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән
Экономикалық теория негіздері
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Ақша жүйесі

- A) мемлекетпен заң жүзіндегі белгіленген және әр елде тарихи қалыптасқан ақша айналымын ұйымдастыру формасы
- B) экономикада айналымда жүрген төлем қаражаттарының жиынтығы
- C) айналым құралы және байлықты сақтау құралы болудан туындайды.
- D) ақшаның "бағасы" мен пайыз мөлшерінің деңгейін оған деген сұраныс пен ұсыныс анықтайтын нарық
- E) құнсызданған қағаз ақшаның жарамсыздығын мемлекеттің хабарлауы

2. Өндірістің негізгі факторлары

- A) жер, адамдар, ауа, адамдар, идеясы
- B) еңбек, жер, капитал, кәсіпкерлік қабілет
- C) еңбекақы, капитал, пайыз, табыс
- D) қаржы, валюта, пайыз, рента
- E) макроэкономика және микроэкономика

3. Тұрақты шығындар

- A) шығарылған әрбір қосымша өнім
- B) тауар өндіруге кеткен шығындар
- C) өндіріс құралдарының құны
- D) өндірілетін өнім көлеміне байланысты шығын
- E) өнім шығару көлемінің өндірісіне байланысты өзгермейтін шығындар

4. Олигополия

- A) бір ғана фирманың нарықты қамсыздандыруы
- B) үш-төрт фирманың нарықты қамсыздандыруы
- C) көп фирманың нарықты қамсыздандыруы
- D) мемлекеттің нарықты қамсыздандыруы
- E) бірнеше фирманың тұтынуы

5. "Агрегат" ұғымына қатысты макроэкономикалық шамалар

- A) жеке иеленушідегі бағалы қағаздардың саны
- B) еңбек ақы және жинақ қоры
- C) инвестициялар, еңбек ақы, бағалы қағаздар
- D) тұрғылықты қордың құны
- E) жалпы ұлттық өнім, жалпы ішкі өнім, таза ұлттық өнім, ұлттық табыс, бағаның орташа деңгейі

6. Индукция әдісі

- A) экономикалық құбылыстарды нақты талапқа сай қарастырады
- B) ойлардың жеке фактілерден жалпы теорияға өтуінен тұрады
- C) ойлардың жалпы жағдайдан жеке фактілерге өтуінен тұрады
- D) кез келген түсінікті абстракция немесе категория арқылы анықтау
- E) экономикалық қызметті оңтайлы нысандалған түрде көрсетуге мүмкіндік береді

7. Ашық экономикалық жүйе

- A) дамыған ақша- тауар қатынастары бар жүйе
- B) қол еңбегінің басымдылығымен сипатталатын жүйе
- C) орталықтандырылған жоспарлауға негізделген жүйе
- D) барлық іскерлік операциялар бір ел ішінде жүретін жүйе
- E) халықаралық сыртқы экономикалық байланыстар енетін жүйе

8. Тауардың айырбас құны

- A) құн формасы
- B) тауардың шектеулі болуы
- C) қажеттілікті қанағаттандыру
- D) тауардың пайдалылығы
- E) сандық пропорцияда


9. Дедукция әдісі

- A) жалпы жағдайдан жеке қорытындылар жасау
- B) бекітуді қарапайымдылау
- C) экономикалық оқиғаларға тарихи көзқарас
- D) экономикалық үрдістерді модельдеумен
- E) жеке фактілердің жалпыға әкелу

10. Өндіріс функциясы

- A) $Q=F(L,K)$
- B) $Q=K(L,F)$
- C) $Q=L(F,K)$
- D) $Q=K(F,L)$
- E) $Q=L(K,F)$

11. Суреттегі қисықтың мағынасы



- A) ұсыныс
- B) сұраныс
- C) нарықтық тепе -теңдік
- D) филлипс
- E) лаффер

12. Экономикалық санаты ретінде меншік

- A) басқару нысаны
- B) өндірісті реттеу
- C) адамның табиғатқа қатынасы
- D) өндіріс құралдары мен нәтижелерін иемдену
- E) халықаралық қатынастар

13. Мемлекеттің бюджеттік табыс бөлігі ... көрсетеді

- A) мемлекеттік шығындардың қандай мақсатқа жұмсалатынын
- B) мемлекеттің қызметін қаржыландыруға ақшаның қайдан түсетіндігін
- C) шығыс бөлігі, кіріс бөлігінен қаншалықты артқанын
- D) барлық өндірілген өнімнің нарықтық құны
- E) кіріс бөлігі шығыс бөлігінен артқанын

14. Баға бойынша қиылысқан ұсыныс икемділігі ... көрсетеді

- A) бір тауарға сұраныс басқа тауардың бағасы өзгергенде қалай өзгертіндігін
- B) бір тауардың ұсынысы басқа тауардың бағасы өзгергенде қалай өзгертіндігін
- C) сатып алушылардың табысы өзгергенде тауарға сұраныс қалай өзгертіндігін
- D) тауардың ұзақ немесе қысқа мерзімді тұтынуға арналғандығын
- E) сатушылардың баға өзгерісіне ыңғайлана алатын уақыт ағымын

15. Белгілі бір салада бірнеше кәсіпорын басым бөлігіне бақылау жасайтын бәсеке

- A) жетілген бәсеке
- B) монополия
- C) монополия
- D) монополиялық бәсеке
- E) олигополия

16. Үкіметте бюджеттік тапшылық болатын жағдай

- A) салықтан түсетін түсім инвестициядан көп болса
- B) мемлекеттік шығыстар салықтан түсетін түсімдерден аз болса
- C) мемлекеттік шығыстар салықтан түсетін түсімдерден көп болса
- D) салықтан түсетін түсім тұтыну шығындарынан көп болса
- E) салықтан түсетін түсім мемлекеттік шығыстардан көп болса

17. Тауар өндірушілердің қоғамдық еңбегімен жасалатын, нарықтық айырбастың әр түрлі өнімдерінің бірдей ішкі мағынасы- құн бар деген тұжырымдама жасаған теория

- A) еңбектік құн
- B) жаңа құн
- C) еңбектік емес құн
- D) кемімелі пайдалық
- E) кемімелі табыстылық

18. Несиелік ақша

- A) елдің барлық банкінің қарыз міндеттемелері болып табылады
- B) чектік депозиттер түрінде ақша міндеттерін орындауға қабілетті
- C) алтын монеталарға айырбасталған монеталар
- D) жалпы емес, шекті пайдалылықпен
- E) еңбек шығындарымен

19. Өндірістің төмендеуі мен фирманың жабылуы салдарынан жұмыстан босатылған адам жұмыссыздықтың мына категориясына жатады

- A) циклдық формасы
- B) маусымдық формасы
- C) фриktionдық формасы
- D) құрылымдық формасы
- E) жасырын формасы

20. Жиынтық ұсыныс көлемі азаяды

- A) баға деңгейі төмендесе
- B) жалақы мөлшері артса
- C) баға деңгейі көтерілсе
- D) жұмысшы күшінің біліктілігі төмендесе
- E) шикізат ресурстарына баға жоғарыласа

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән бойынша тест аяқталды.

2-БЛОК: Арнайы пән
Қаржылық және экономикалық есепті талдау
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Ұзақ мерзімді міндеттемелер

- A) кәсіпорынның ақша қаражаттарының барлық баптарының құнды қағаздары
- B) пассивтегі міндеттемелер
- C) қысқа мерзімді дебиторлық борыш және басқа да активтер
- D) ұзақ мерзімді несиелер мен қарыздар
- E) уақытында төленбеген қарыздар

2. Қаржыландыру коэффициенті жоғары болған сайын банктер мен инвесторлар

- A) сенімсіз болады
- B) қаржыландырады
- C) тұрақты жабдықтамайды
- D) сенімді болады
- E) несие бөлінбейді

3. Потенциалды шығындар емес, сондай-ақ потенциалды табысты да қамтитын тәуекел түрі

- A) қаржы ағын тәуекелі
- B) ликвидтілік тәуекел
- C) баға тәуекелі
- D) несие тәуекелі
- E) нарықтық тәуекел

4. Табыстылықты талдау кезінде келесі көрсеткіштер пайдаланады

- A) баланстық табыс, салыстырмалы табыс
- B) пайда сатудан түскен түсім
- C) қор сыйымдылығы, қор қайтарымдылығы
- D) өнімнің өсімінің бір теңгесіне шыққан капитал салымының үлесі
- E) баланстық табыс, өнімді өткізуден түскен табыс, пайда, өткізуден тыс операциялардан түскен табыс

5. Іскерлік белсенділік индексі

- A) өнім сатудан түскен табысының ағымдағы активтердің орташа шамасына қатынасы
- B) көрсеткіш қор қайтарымдылығын көрсетеді, пайдаланудың тиімділігін сипаттайды
- C) кәсіпорынның ырғақты қызмет етуі үшін ақша қаражаты қозғалысының жылдамдығының ерекше маңыздылығы
- D) жылына қанша рет айналу мен өндірудің толық циклі болатындығын және активтердің әрбір ақша бірлігі сатылған өнімнің қанша бірлігін әкелгенін көрсетеді
- E) айналым капиталын басқару өрісінде, кезеңдегі кәсіпорынның негізгі қызметі бойынша кәсіпкерліктің тиімділігін сипаттайды

6. Ассортимент бойынша жоспардың орындалу коэффициенті

- A) максималдық шығарылымның минималдыққа қатынасы
- B) нақты шығарылымының жоспары бойынша жоспарлыққа қатынасы
- C) минималдық шығарылымның максималдыққа қатынасы
- D) өнімнің жоспарлық шығарылымының нақтылыққа қатынасы
- E) өнімнің нақты шығарылымының нақтылыққа қатынасы

7. Меншік капиталының коэффициенті

- A) коэффициенттік үлесі неғұрлым жоғары болған сайын, соғұрлым кәсіпорынның тәуекелділігі артады, яғни сыртқы ортаға тәуелді болады
- B) субъект иесінің салған капиталының үлесін, яғни меншік капиталының баланс жиынтығына қатынасын көрсетеді
- C) кәсіпорын активтерінің қай бөлігі меншік капитал есебінен, қай бөлігі қарыз капитал есебінен екенін қаржылық есеп кезінде көрсетеді
- D) меншік капиталымен қатар ұзақ мерзімді несиелердің деңгейін көрсетеді
- E) қаржылардың тұрақтылық әсерін талдау сатылу рентабельділігі көрсеткіші арқылы анықталады

8. Негізгі құралдардың жаңару коэффициентінің қолайлы мәні

- A) 3
- B) 1
- C) 2
- D) 0,5
- E) 1,5

9. Жоғары шығындарды өтеу мақсатпен көрсетілетін қайтарымсыз қаржы көмегі

- A) табыс
- B) дотация
- C) досье
- D) лизинг
- E) франчайзинг

10. Қаржылық тұрақтылықтың сыртқы көрінісі

- A) капитал мөлшері
- B) баланс өтімділігі
- C) кәсіпорын еркінділігі
- D) еңбек өтімділігі
- E) төлем қабілеттілігі

11. Табыстылықтың тұрақтылығын пайдалануда болжау жасалады

- A) экономикалық талдаудың тұтастығы
- B) табыстылықты талдаудың көрсеткіші
- C) анализ көрсеткіштерінің табыстылығы
- D) абсолюттік табыстылық көрсеткішінің есебі
- E) экономикалық талдауды жүргізуде қолданылатын принцип

12. Меншікті капиталдың барлық авансталған капиталға қатынасын бөлгенде пайда болатын коэффициент

- A) тәуелділік
- B) табыстылық
- C) тәуелсіздік
- D) тұрақтылық
- E) факторлық

13. Шығындар болмайтын аймақ

- A) тәуекелсіз аймақтар
- B) шекті тәуекел аймақ
- C) жоғары тәуекел аймақ
- D) апатты тәуекел аймақ
- E) төменгі тәуекел аймақ

14. Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы

- A) кәсіпкер өндірген немесе сатып алған тауарлар мен қызметтерді өткізу процесінде пайда болды
- B) субъект иесінің салған капиталының үлесі, міндеттемелері мен меншікті капиталын неғұрлым тиімді басқаруы
- C) келешектегі жасалатын төлемдердің дер кезінде жүзеге асыра алатынын көрсетеді
- D) кәсіпорынның ағымдағы міндеттемелері бойынша тез есеп айырысу қабілетін көрсетеді
- E) өнім сатудан түскен табысының ағымдағы активтердің орта шамасына қатынасы

15. Шаруашылық қызметтің нәтижесін тез зерттеу үшін жасалатын талдау

- A) кезекті
- B) сыртқы
- C) жедел
- D) ішкі
- E) тақырыптық

16. Негізгі қызметпен түскен табыстылықтың формуласы

- A) жалпы табыс + сатудан түсіммен
- B) коммерциялық шығын - нақты тауар бағасымен
- C) жалпы табыс-кезең шығындары
- D) түсім + коммерциялық шығынымен
- E) жалпы табыс + өзіндік құнымен

17. Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылық жағдайына әсер ететін факторлар нәтижесінің маңыздылығына қарай бөлінуі

- A) ішкі және сыртқы
- B) негізгі және негізгі емес
- C) қарапайым және күрделі
- D) тұрақты және уақытша
- E) бірқалыпты және үздіксіз

18. Өзіндік құнның өзгеру көлемінің формуласы

- A) сату құнының 100%
- B) нақты өзіндік құн/ жоспарлы өзіндік құн \times 100%
- C) өткізілген өнім бағасы \times нарықтық баға
- D) жоспарлы өзіндік құн + нақты өзіндік құн
- E) нақты бағаны \times 100%

19. Өткізілген өнімдерден түскен пайда

- A) өндірісті технологиялық және конструкторлық даярлау
- B) еңбек өнімінің тұтыну құны мен оның құны арасындағы байланысты айыру үшін
- C) шаруашылық тәжірибесі мол адамдар даярлау
- D) еңбекке жарамды, күш жүгері мол, білімді және халық шаруашылығында жұмыс істеуге тәжірибесі бар адамдарды даярлау
- E) қосымша құнға салынған салықсыз колданылатын бағалармен өнімдерді өткізуден түскен түсіммен акциздер және өнімдердің толық өзіндік құны арасындағы айырма ретінде анықталады

20. Қаржылық есепті экспресс-талдау

- A) қорытынды көрсеткішке жекелеген факторларды тигізетін әсерін анықтау
- B) қаржылық есепті жан-жақты тереңдетіп талдау
- C) есеп берудің әрбір позициясын өткен кезеңмен салыстырып талдау
- D) баланс валютасының өзгерісін бағалау
- E) қаржылық жағдайды көрнекті түрде және қарапайым етіп бағалау

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

21. Экспресс-талдаудың мақсаты

- A) бухгалтерлік балансты зерттеу
- B) қаржылық жағдайын бағалау
- C) қаржы қызметтің нәтижесін анықтау
- D) табыстар мен шығындар есебін құру
- E) талдаудың бөлімдерін реттеу
- F) даму динамикасын бағалау

22. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау сатылары

- A) тасымалдау
- B) жабдықтау
- C) анықтау
- D) өндіріс
- E) жеткізу
- F) өткізу

23. Қаржыландыру коэффициентіне кері көрсеткішті сипаттайды

- A) тәуелділік
- B) қаржылық тұрақтылық
- C) қарыздық капитал
- D) инвестициялау
- E) меншіктік капитал
- F) негізгі қорлар

24. Басқару объектілері бойынша экономикалық талдаудың бөлінуі

- A) ішкі
- B) сыртқы
- C) тақырыптық
- D) ағымдық
- E) жинақталған
- F) жедел
- G) ағымдық

25. Негізгі құралдардың айналымдылығының коэффициенті сипаттайды
- A) қор қайтарымдылығын көрсетеді
 - B) айналым капиталын басқару өрісінде
 - C) жылына қанша рет айналу мен өндірудің толық циклі болатындығын және активтердің әрбір ақша бірлігі сатылған өнімнің қанша бірлігін әкелгенін көрсетеді
 - D) өнім сатудан түскен табысының ағымдағы активтердің орташа шамасына қатынасы
 - E) кәсіпорынның ырғақты қызмет етуі үшін ақша қаражаты қозғалысының жылдамдығының ерекше маңыздылығы
 - F) негізгі құралдарды пайдаланудың тиімділігін сипаттайды

26. Баға тәуекелі – бұл

- A) қаржы ағын тәуекелі
- B) ликвидтілік тәуекел
- C) потенциалды шығындар емес
- D) несие тәуекелі
- E) нарықтық тәуекел
- F) потенциалды табысты қамтитын тәуекел

27. Қаржылық тұрақтылық

- A) кәсіпорын міндеттемесінің артуы
- B) табыстың шығыннан артуы
- C) әрдайым төлем қабілеттілігін бақылайтын қызметі
- D) меншікті қаражаттарының төмендеуі
- E) тәуекелділіктің мүмкін болатын деңгейінде төлем қабілеттілігін сақтау
- F) тәуекелділіктің мүмкін болатын деңгейінде несие қабілеттілігін сақтау

28. Табыстылықты талдау кезінде келесі көрсеткіштер пайдаланады

- A) салыстырмалы табыс
- B) өнім көлемі
- C) баланстық табыс
- D) өнімнің өсімінің бір теңгесіне шыққан капитал салымының үлесі
- E) өнімді өткізуден түскен табыс
- F) негізгі қорларды сақтандыру
- G) өткізуден тыс операциялардан түскен табыс

29. Кәсіпорынның айналым қаржылар құрамы

- A) айналым қорлары
- B) қор сыйымдылық
- C) айналу қорлары
- D) қор қайтарымы
- E) негізгі қорлар
- F) ұзақ мерзімді активтер

30. Жалпы табысқа әсер ететін факторлар

- A) сату құнының 100%
- B) өзіндік құн
- C) өнім көлемі
- D) жоспарлы өзіндік құн $\times 100\%$
- E) нақты бағаны $\times 100\%$
- F) өнім сапасы

Жағдаяттық тапсырмалар
1-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Ассортиментті талдау

"Еламан" ЖШС-нің ассортимент бойынша жоспардың орындалуы

Өнім	Тауарлы өнім		Жоспардың орындалуы, %
	Жоспар	Нақты	
1	7200	7680	107
2	8400	7920	94
3	4800	5280	110
4	3600	3120	87
Барлығы	24000	24000	100

31. Үлес салмағы әдісімен ассортимент бойынша жоспардың орындалуын бағалануы құрды

- A) 40%
- B) 45%
- C) 50%
- D) 60%
- E) 65%

32. Ең төмен пайыз әдісімен ассортимент бойынша жоспардың орындалуын бағалануы құрды

- A) 107%
- B) 87%
- C) 94%
- D) 110%
- E) 100%

33. Ассортимент бойынша жалпы көлемінің жоспардың орындалуы қатысты ауытқуы құрайды

- A) 100%
- B) 50%
- C) 0%
- D) 25%
- E) 0,5%

34. Жоспардың орындалмауының себептері

- A) өнімді шығару көлемін тиімсіз жоспарлануы
- B) кәсіпорынның техникалық қамтамасыздандырылуы төмен деңгейде
- C) алдыңғы кезеңдегі қосымша келісім-шарттарының жасалуы
- D) 1 және 3 өнімдерінің өндіруіне ағымдағы кезеңнің аяғында қосымша келісім-шарттарының жасалуы
- E) 1 және 3 өнім түрлерін жоспарға қарағанда артық өндіруі

35. Орташа пайыз әдісімен ассортимент бойынша жоспардың орындалуын бағалануы құрды

- A) 96%
- B) 92%
- C) 100%
- D) 102%
- E) 98%

2-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

«Өнім өндіру тиімділігі»

"Аслан" ЖШС-нің келесі мәліметі берілген

№	Көрсеткіштер	Жоспар	Нақты	Абсолюттік өсуі	Динамиканың қатысты көрсеткіші, %
1.	Өнімнің шығарылуы, мың.тг.	2803,8	3155,2		
2.	Жұмысшылардың орта жылдық саны, адам	900	1000		
3.	Күндерінің орташа саны, 1 жылда 1 жұмысшының жұмыс істегені, күн	301	290		
4.	Орташа сағат саны, 1 күнде 1 жұмысшымен жұмыс істегені, сағат	6,9	6,8		
5.	1 сағатта 1 жұмысшының орташа өнім өндіру көрсеткіші, теңге				

36. Динамиканың қатысты көрсеткіші анықталады

- A) $(\text{жоспар/нақты}) \times 100\%$
- B) $(\text{нақты/жоспар}) \times 100\%$
- C) жоспар/нақты
- D) $(\text{жоспар/ауытқу}) \times 100\%$
- E) $(\text{ортажылдық/нақты}) \times 100\%$

37. Жоспар бойынша 1 сағатта 1 жұмысшының орташа өнім өндіру көрсеткіші

- A) 0,9
- B) 1,0
- C) 1,05
- D) 1,2
- E) 1,5

38. 1 күнде 1 жұмысшымен жұмыс істегені бойынша динамиканың қатысты көрсеткіші құрайды

A) 95,55%

B) 96,55%

C) 97,55%

D) 98,55%

E) 99,55%

39. Жұмысшылардың ортажылдық саны бойынша динамиканың қатысты көрсеткішінің өзгеру деңгейі

A) +2,45

B) +3,65

C) +11,11

D) -3,35

E) -2,45

40. Өнімнің шығарылуы бойынша абсолюттік өсуі және динамиканың қатысты көрсеткіші

A) +100 және 111,11%

B) +351,4 және 112,53%

C) +350,6 және 109,16%

D) +340,2 және 110%

E) +360,5 және 100%

2-БЛОК: Арнайы пән бойынша тест аяқталды.